Қаз-11-1

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі
Школьный этап республиканской олимпиады по общеобразовательным предметам

Бейімбет Майлин „Шұғаның белгісі" повесінде көтерілген әйел теңсіздігі мәселесі

Бабаның қаны мен ғасырдың мұңы естілген қазақ әдебиетінде заман көрінісін ашына, ащыла жазған сөз шебері Бейімбет Майлиннің „Шұғаның белгісі" повесінің біз үшін алар орны ерекше. Бұл шығарма тек қоғамдағы әлеуметтік жағдайына қарай бөліністі, әртүрлі мінездер жиынтығын ғана емес, сонымен қатар әйел теңсіздігі мәселесін де көтереді. Бұл тақырып қалай көрініс табады?

Повестің басты кейіпкері – Шұға. Шығармада „Шұға десе, Шұға еді-ау" делінгендей, Шұға-ауылының көркі сай, бар халқын өзіне құмар еткен бикеш. Оның тағдыры қазақ әдебиетіндегі басқа әйел кейіпкерлерден өзгеше. Егер „Бақытсыз Жамалда" әкесі Жамалды атағы үшін қаламағанына қосса, „Еңлік-Кебекте" Еңлік сүйгеніне атастырылып қойылса, бұнда әкесі Шұғаны ешкімге қоспайды, құдаласпайды. Ал Шұға қолын сұрап келгендерді өзіне лайықсыз санайды. Шұғаның жан дүниесін қинамай, ауыр жүк артпай, құқығын таптамаған отбасы атастыру мәселесіне келгенде басқаларға үлгі бола алатыны сөзсіз. Осындай қарқында, Шұға ғұмыры бақытты жалғасса деп тілейсің...

Бірақ повесть біз қалағандай өрбімейді. Себебі әйел теңсіздігі мәселесі Шұғаны да айналып өтпейді. Бойжеткен өзінің теңін кездестіріп, мәңгілік баянды өмір өткізгісі келсе де, қатал тағдыр сұлудың қабырғасын қайыстырады. Қорғалмаушылығының кесірінен Шұға мен Әбдірахман туралы әңгіме көбейеді, Шұғаның әкесіне де қауесеттер жетеді. Әбдірахман „жасырын түріктерге ақша беріп жүр" деген айып кесірінен ұсталады. Бұл хабардан соң Шұға қатты ауырып, төсек тартып қалады. Екі жастың өмірі, арман-мақсаты бір сәтте қиылады. Ал егер әкесі Шұғаны тыңдаса ше? Қалауына ерік берсе ше? Егер Шұғаның ойы, қалауы есептеліп, ғашығымен бірге болса, мүмкін повесть соңында өлмес пе еді? Шұға өзі айтқандай, әкесі ол ауырған соң ғана Әбдірахманды босатпақшы, бірақ бәрібір бақытты бола алмайды. Шұғаны хал үстінде жатқаны үшін аяп емес, тұлға ретінде өмірін ойлаған соң, оның сөзіне құлақ салса, бәрі басынан басқаша болар еді. Отбасы қызының бақытын есепке алмауы – тек Шұғаның емес, сол кездегі көп қыздардың басындағы сор

Қаз-11-1



Ал қазір Шұғаның мәселесі өзекті ме? Заман өзгеріп, басқа дәуір орнаса да, заманауи қоғамда әйел теңсіздігі жиі көрініс табады. Қалыңмал үшін ата-аналары өзінен едәуір үлкен не өзі сүймейтін ерге қыздарын береді. Бірақ мені қуантатын жайт-ол әйел қауымының күннен-күнге өзінің құқығын біліп, оны сақтауын талап етуі. Өздерінің таңдауына берік болып, бақыттары үшін күресуі - қазіргі қыздардың басты ерекшеліктері. Үлкендер айтты деп көне салу - бұл өз өміріңе балта шабумен тең. Біздің тәуелсіздігіміз, еркіндігіміз, құқықтарымыз - ең басты құндылық және талқыға келмейтін күш.

Қорытындылай келе, біршама жыл өтсе де, әр уақыттың оқырманына маңызды, өзекті шығарма қалдыру - Б. Майлиннің жазушы ретіндегі үлкен жетістігі.